

## ЗАРУБЕЖНАЯ ПРАКТИКА РЕГУЛИРОВАНИЯ ИНВЕСТИЦИЙ

**ЖАНГИРОВА Р.Н.**

кандидат экономических наук

**РАХЫМ Б.А.**

магистрант

Казахский национальный аграрный исследовательский университет, г. Алматы, Республика Казахстан

**АННОТАЦИЯ.** Инвестиционная активность и экономический рост обеспечиваются и постоянно укрепляются иностранным капиталом во многих государствах. В государствах, экономика которых построена на открытой рыночной основе, международное движение капитала способствует укреплению интеграции хозяйственной жизни, углублению международного разделения труда. Вливание иностранного капитала, а также иностранные технологии, способ управления, открытие дверей на новые рынки считаются жизненно важной необходимостью для любого государства в переходный период для преобразования своей экономики.

Большую роль в активизации инвестиционной деятельности могут сыграть прямые иностранные инвестиции. Они понимаются в мировой практике как капиталовложения извне, и у инвестора появляется возможность держать предприятие под полным контролем.

Особое место в статье автор описывает инвестиционное регулирование зарубежных стран.

**КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА:** инвестиции, реальные инвестиции, иностранные инвестиции, государственное регулирование, движение инвестиций, государство.

## ИНВЕСТИЦИЯНЫ РЕТТЕУДІҢ ШЕТЕЛДІК ІС-ТӘЖІРИБЕСІ

**ЖАНГИРОВА Р.Н.**

экономика ғылымдарының кандидаты

**РАХЫМ Б.А.**

магистрант

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**АҢДАТПА.** Инвестициялық активтілік және экономикалық өсу көптеген мемлекеттерде шетел капиталымен қамтамасыз етіліп, әрдайым нығайтыла түседі. Экономикасы ашық нарықтық негізде құрылған мемлекеттерде халықаралық капитал қозғалысы шаруашылық өмірдің интеграциясының нығаюына, халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдеуіне ықпал етеді. Шетел капиталын құю, онымен қоса шетелдік технологияны, басқару тәсілін, жаңа нарықтарға есік ашу өтпелі кезеңдегі кез-келген мемлекетке экономикасын қайта құру үшін өмірлік қажеттілік болып есептелінеді.

Инвестициялық қызметті активтендіруде тікелей шетел инвестициясы үлкен рөл атқаруы мүмкін. Оларды әлемдік практикада сырттан капитал салымы деп түсінеді, және де инвестордың кәсіпорынды толық бақылауда ұстау мүмкіндігі туады.

Мақалада автор шетел елдерінің инвестициялық реттеуін сипаттайды.

**ТҮЙІН СӨЗДЕР:** инвестиция, нақты инвестиция, шетелдік инвестиция, мемлекеттік реттеу, инвестиция қозғалысы, мемлекет.

## FOREIGN PRACTICE OF INVESTMENT REGULATION

**ZHANGIROVA R.N.**

Candidate of Economic Sciences

**RAKHUM B.A.**

Master's Student

Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Republic of Kazakhstan

**ABSTRACT.** Investment activity and economic growth are ensured and constantly strengthened by foreign capital in many countries. In States whose economies are built on an open market basis, the international movement of capital contributes to strengthening the integration of economic life, deepening the international division of labor. The infusion of foreign capital, as well as foreign technologies, the way of management, and the opening of doors to new markets are considered a vital necessity for any state during the transition period to transform its economy.

Foreign direct investment can play an important role in boosting investment activity. They are understood in world practice as investments from the outside, and the investor has the opportunity to keep the company under full control.

A special place in the article the author describes the investment regulation of foreign countries.

**KEY WORDS:** investments, real investments, foreign investments, state regulation, movement of investments, state.

**КІРІСПЕ.** Инвестициялық активтілік және экономикалық өсу көптеген мемлекеттерде шетел капиталымен қамтамасыз етіліп, әрдайым нығайтыла түседі. Экономикасы ашық нарықтық негізде құрылған мемлекеттерде халықаралық капитал қозғалысы шаруашылық өмірдің интеграциясының нығаюына, халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдеуіне ықпал етеді. Шетел капиталын құю, онымен қоса шетелдік технологияны, басқару тәсілін, жаңа нарықтарға есік ашу өтпелі кезеңдегі кез-келген мемлекетке экономикасын қайта құру үшін өмірлік қажеттілік болып есептелінеді.

Инвестициялық қызметті активтендіруде тікелей шетел инвестициясы үлкен рөл атқаруы мүмкін. Оларды әлемдік практикада сырттан капитал салымы деп түсінеді, және де инвестордың кәсіпорынды толық бақылауда ұстау мүмкіндігі туады.

### **ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.**

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде шетел инвестициясын тартумен байланысты сұрақтар батыстың экономикалық әдебиеттерінде кеңінен айтылады. Экономикалық өсудің және инвестицияларды тартудың қиындықтары мен алғы шарттары теориялық-методологиялық негізде келесідей ғалымдардың еңбектерінде жарық көрді: Дж.М.Кейнс, А.Маршалл, П.Самуэльсон, Л.Абалкин, Я.Квашин, Д.Палтеров және т.б.

Инвестициялық саясаттың басымдықтарын айқындау, шетел инвестицияларын тарту сұрақтарын зерттеумен О.Б. Баймұратов, Ж.О. Ихданов, М.Б. Кенжегузин, А.К. Қошанов, Н.Қ. Мамыров, Қ.О. Оқаев, К.АСағадиев, П.С. Пасеченко, Н.Н. Хамитов, Б.П. Чумаченко, А.Д. Шелекбай сияқты Қазақстанның экономист ғалымдары айналысуда.

Кейбір дамыған мемлекеттерде шетелдік инвестициялардың қызметін реттейтін арнайы заңдар және органдар бар. Мысалға, Португалияда «шетелдік инвестициялар кодексі» және арнайы мемлекеттік ұйым – «Португалиялық сауда, туризм және инвестициялар жөніндегі институты» жұмыс істейді.

Ал, шетелден басқарылатын компаниялар үшін келесідей шектеулер бар: мұндай компаниялар мұнай құбырларын және көмір шахталарын сатып алуға құқықтары жоқ; ұқсас шектеулер, яғни басқа мемлекетте қандай шектеулер болса, американдық компанияларға, сол елдің компанияларына да сондай шектеулер; қазба байлықтар өндіруге және қозғалмайтын мүлікті, әсіресе жерді сатып алуға; компанияларға авиациялық және су көлігі қызметтерінде, атомды және электро энергетикада, банктік және сақтандыру саласында қызмет атқаруға шектеулер қарастылған. Шетелдік инвестициялар үшін шетелдік кәсіпорынның бөлімшесі ретінде тіркелгені оңай. Ол заңды тұлға емес, оған жарғылық қордың көлемі бойынша шектеулер жоқ, салықты бас компания төлейді,

және әрдайымғы міндетті ревизиялар қажет емес. Алайда шетелдік инвестициялар үшін еншілес компания түрінде тіркелгені тиімді болып отыр. 1993 жылдан бастап корпорациялар мен басқадай ұйымдардың жақсы жақтарымен құрылған жауапкершілігі шектеулі корпорациялар пайда болды: оларда шектеулі жауапкершілік және де оларға корпорациялық табыс салығы салынбайды (салық қатысушылардың қосқан жарналары бойынша жеке табыс салығы ретінде төленеді) [1].

Сауда министрлігі «Invest in the USA» атты бағдарламасы арқылы шетел инвестицияларына нарықтар жайлы, қаржы жайлы және т.б. мағлұматтар беріп отырады, жергілікті кәсіпкерлермен және жергілікті әкімшілікпен қатынас орнатуға көмек көрсетеді. Басқадай инвестициялық жеңілдіктер штаттық деңгейде беріледі. Олар – салық салу ставкасын төмендету, өндіріс инфрақұрылымына қажетті ғимараттарды тегін салу, амортизациялық ставканы жеңілдету, ғылыми зерттеулерге және жұмыспен қамтуға қарыздар беру.

Сонымен бірге, экспорттық бағытта жұмыс істейтін корпорацияларға салық салынатын табыстың 15% шегеруге рұқсат етіледі. АҚШ-та халықаралық аймақтар жұмыс істейді, оларға тіптен шетелдік банктердің бөлімшелері де мүше бола алады. Ол аймақ резидент еместермен операциялар жасауға бағытталған. Шағын бизнестер жөніндегі әкімшілік, орташа шетел фирмаларына үлкен көмек көрсетеді. Яғни тегін мәліметтерден, консультациялардан бөлек жеңілдетілген қарыздар (150 мың \$ дейін) және банктен несие алуларына кепілдік береді (350 мың \$ дейін). Шетел инвестицияларына мәліметтік және кеңестік көмек көрсететін бірнеше ұйымдар бар. Оларға: АҚШ сауда Министрлігінің экономикалық талдау бюросы; Шағын бизнес жөніндегі әкімшілік; Штаттар дамуының ұлттық ассоциациялар агенттігі. Шетел инвестициясын реттеуде жапониялық іс-тәжірибе де қызығушылық тудырады. Жапонияда шетел инвестициясын реттейтін арнайы заңдар және органдар жоқ. Жапонияның үкіметтік ұйымдары Жапония экономикасына немесе қандайда бір салаға келтіретін шетел инвестицияларына мүлдем шек қоюларына құқықтары бар. Бірақ рұқсат берілмеген жағдайлар әлі тіркелмеген, тек кеңес берген жағдайлар бар. Жапонияда кейбір өндіріс салаларына инвестицияға тиым салынған: ауыл және орман шаруашылығы, балық аулау, мұнай өндіру индустриясы. Елде мемлекетке тиесілі салалар жоқ, барлығы жекешелендіруді өткерген. Қозғалмайтын мүлікті шетелдік азаматтың сатып алуына тиым салынбайды, бірақ шетелдік азамат сауда қоғамының президенті бола алмайды [2].

Ақпараттық және кеңестік көмекті шетел инвесторларына Invest in Britain Bureau атты ұйым көрсетеді. Шотландияда ол ұйымға ұқсас Scottish Enterprise, ал Солтүстік Ирландияда Northern

Кесте 1 - Нақты шетел инвестициясының қозғалысы (млрд.долл.)\*

	2015	2016	2017	2018	2019	2020
НШИ - ның жалпы экспорттық көлемі	53,7	86,0	131,0	154,0	189,3	202,8
АҚШ	13,2	18,7	31,0	16,2	31,7	36,4
Жапония	6,5	14,5	19,5	34,2	44,1	48,0
ЕЭО	23,1	40,6	62,4	76,0	89,1	96,0
Франция	2,3	5,3	8,8	12,7	18,1	26,6
Германия	4,9	10,0	9,1	11,4	14,2	22,5
Ұлыбритания	10,7	17,2	31,4	37,3	35,6	17,5
НШИ - ның жалпы импорттық көлемі	33,4	58,7	92,0	120,5	155,0	114,0
АҚШ	19,0	34,1	46,9	58,4	72,2	25,9
Жапония	0,6	0,2	1,2	0,5	1,1	1,8
ЕЭО	12,2	17,1	34,0	49,5	69,8	72,2
Франция	2,2	2,8	4,7	7,2	9,7	8,1
Германия	0,5	1,1	1,9	1,0	6,8	1,5
Ұлыбритания	4,7	7,3	14,1	18,3	28,8	31,6
Ескерту – *Bank for international settlements мәліметтері бойынша құрастырылған [4]						

Ireland Development Board атты ұйымдар жұмыс істейді. Германия Федеративтік Республикасында (ГФР) шетел инвестициясын реттейтін арнайы заң және орган жоқ. 1961 жылы қабылданған «Сыртқы экономикалық байланыстар туралы» заң тек капитал ағымын және валюталық операцияларды реттеуде негіз болып қана есептеледі.

Шетелге кететін барлық ақшаға ешқандай шектеу қойылмайды. Тек неміс маркасының сатып алу дәрежесіне қауіп төнген кезде, төлем балансының теңдігін қамтамасыз ету мақсатында, ссудалық капитал нарығына қауіп төнген кезде ғана шектеулер қойылуы мүмкін. Ондай шектеулер тек бір рет, 1973-1974 ж.ж. қабылданып, небары 12 ай ғана инвестиция жасау үшін міндетті түрде рұқсат алумен шектелген.

Заңға сәйкес капитал ағымын және валюталық операцияларды қадағалау Бундесбанкке тиесілі. Шетел инвестициясын құю барысында алдын-ала рұқсат алудың қажеті жоқ, тек егер де резидент еместер мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алып жатса, онда рұқсат міндетті түрде алынуы керек. Алайда, шетел инвесторларына келесідей салаларда: тамақ, медицина және фармакология өнеркәсібінде, көлік саласында, банктік, сақтандыру, қонақ үй және мейрамханалық істерде жұмыс істеу үшін арнайы лицензиялар алулары қажет. Құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін де рұқсат алуы қажет. Және де ЕО-қа мүше елдерден басқа кез-келген шетелдік компания өз бөлімшесін ашпас бұрын экономика министрлігінен рұқсат алуы қажет ГФР-да инвестициялық жеңілдіктер әр түрлі болып келеді. Мәселен, өзінің қызмет етуінің бірінші жылында пайдаға салынатын салықтың тек бір бөлігін төлесе, екінші жылы жартысын, үшінші жылдан ғана бастап толық төлей бастайды. Инвестициялық жеңілдіктер, сонымен қатар шағын және орташа компанияларға да беріледі. Елдің барлық несиелік мекемелерінде

шағын және орта бизнесті несиелемен қамтамасыз ету бағдарламалары бар. Және де, бұрынғы ГДР территориясындағы артта қалған аудандардағы компанияларға көп жеңілдіктер беріледі. Жеңілдіктермен берілетін ссудаларды шығыс германиялық кәсіпорындарға «Дойче Аусглияхбанк» банкіде береді. Ссуда көлемі кәсіпорынға қажетті қаражаттың 22 %-не дейін, бірақ 350 мың маркадан аспауы керек. Ссуда 20 жылға беріледі. Шетел инвесторларына ақпараттық және кеңестік көмекті: экономиканың федералды министрлігінің арнайы инвестицияларды ынталандыру бөлімшелері; шығысты көтеру бағдарламасы; инвестицияны ынталандыру сұрақтарымен айналысатын жер ведомстволары [3].

БҰҰ-ның зерттеулері бойынша шетел инвестициясын реттеу келесі бағыттарда жүргізіледі:

1. Жұмыспен қамтудың кеңейінуіне және жергілікті персоналды дайындықпен қамтамасыз етуге;
2. Жергілікті ресурстардың пайдалану дәрежесін көтеруге;
3. Жергілікті инфрақұрылым деңгейін көтеруге;
4. Қабылдаушы экономикалардың технологиялық потенциялының дамуына;
5. Төлем балансының жағдайын жақсарту.

**НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ.**

Әлемдік тәжірибеде қабылданған анықтамаларға сәйкес, компаниямен басқа мемлекеттегі компанияның 10 немесе одан да көп дауыс беруге ие акцияларды сатып алуына кеткен қаражатты тікелей шетел инвестициясы деп айтуға болады.

Нақты шетел инвестициясы жаңа құбылыс болмағандықтан (АҚШ-да олардың тарихы 19 ғасырдан басталады), көңіл бөлетін жайт, олардың қозғалысындағы өзгерістер. Бұл ретте көзге бірден түсетіні соңғы он жылдардағы мұндай өзгерістердің бүкіл дүниежүзіндегі абсолютті өсуі. Егер де 80-ші жылдарға дейін нақты шетел инвестици-

ясының жылдық өсімі 1,3-1,6 % құраса, одан кейінгі жылдары ол 20 % өсіп, дүниежүзілік сауданың даму ырғағынан 5 есеге асып түсті. Нақты шетел инвестициясының 2015-2020 ж.ж. динамикасы 1 кестеде көрсетілген.

**ҚОРЫТЫНДЫ.** Шетел инвестициясын мемлекеттік реттеудің тиімділігі, олардың инвестициялық жобаларға қандай шаралар және қандай құралдар пайдаланғандығы және оларды инвестицияны тартудың әрбір этапына сәйкесінше тиімді пайдалануымен түсіндіріледі. Мұндай жүйенің тиімділігі салалардың бағытталуына қарай әртүрлі болып келеді. Мысалға, дамушы елдердегі шикізат өндіруші салаларға ТҰК-лар ол елдің жеңілдіктеріне қарамастан, алдымен шикізат

шыққан жердің дүниежүзілік көлік коммуникацияларына жақындығын ескереді. Ресурсқа бағытталған шетел инвестицияларын ынталандырушы шаралар аз ойландырады. Ал қайта өңдеу салалары үшін бұл өте қажетті фактор болып табылады [5].

Шетел инвестициясын мемлекеттік реттеудің мақсаттарына сәйкес үш топқа бөлуге болады:

- қабылдаушы мемлекет экономикасындағы ресурстардың бөліну құрылымын өзгерту;
- үкіметтің алатын табыстарын өсіру;
- қабылдаушы елдегі резиденттерге ТҰК-дан келетін инвестиция есебінен түсетін табысты қайта бөлу.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Зубченко, Л.А. Иностранные инвестиции и экономический рост / Л.А. Зубченко // Экономические и социальные проблемы России. – 2009. - № 1. – С. 136-154.
- 2.Кузнецов, А.В. Особенности инвестиционной стратегии Японии и перспективы сотрудничества с Россией / А.В. Кузнецов // Финансы: теория и практика. - 2017. - Т. 21, № 6. - С. 108–117.
- 3.Краснов, С.А. Особенности международного движения капитала: прямые Иностранные инвестиции / С.А. Краснов // Труд и соц. отношения. – 2010. - № 9. – С. 133-141.
- 4.Дакибаев, Б.А. Нарықтық қатынастар жағдайында бірлескен кәсіпкерлік пен халықаралық экономикалық ынтымақтастықты дамыту / Б.А. Дакибаев. - М.: ММУ, 2016.
- 5.Иностранные инвестиции: учебное пособие / И. А. Заякина [и др.]. — 2-е изд., перераб. и доп. — Старый Оскол: ТНТ, 2019. — 288 с.

#### REFERENCES:

- 1.Zubchenko, L.A. (2009). Inostrannye investicii i jekonomicheskij rost [Foreign investments and economic growth]. Jekonomicheskie i social'nye problemy Rossii – Economic and social problems of Russia, 1, 136-154 [in Russian].
- 2.Kuznecov, A.V. (2017). Osobennosti investicionnoj strategii Japonii i perspektivy sotrudnichestva s Rossiej [Features of Japan's investment strategy and prospects for cooperation with Russia]. Finansy: teorija i praktika - Finance: theory and practice, 21(6), 108-117. [in Russian].
- 3.Krasnov, S.A. (2010). Osobennosti mezhdunarodnogo dvizhenija kapitala: prjamyje Inostrannye investicii [Features of international capital movement: Foreign Direct investment]. Trud i soc. otnoshenija - Labor and social. Relationships, 9, 133-141 [in Russian].
- 4.Dakibaev B.A. (2016) Naryktyk katynastar zhagdayynda birlesken kasipkerlik pen Halykaralyk ekonomikalık yntymaktastyty damytu. M.: MMU [in Kazakh].
- 5.Zajakina, I.A. et al. (2019). Foreign investments: a textbook (2nd ed., reprint. and add.). Stary Oskol: TNT, 288 p.

#### СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ:

**Римма Нұрмұханбетқызы Жангирова** - экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Есеп, аудит және қаржы» кафедрасының профессоры, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: rimma.zhangirova@kaznaru.edu.kz

**Бексұлтан Асқарұлы Рахым** - «Есеп, аудит және қаржы» кафедрасының 2 курс магистранты, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: 504654@kaznaru.edu.kz

**Римма Нурмұханбетовна Жангирова** - кандидат экономических наук, доцент, профессор кафедры «Учет, аудит и финансы», Казахский национальный аграрный исследовательский университет, г. Алматы, Республика Казахстан  
E-mail: rimma.zhangirova@kaznaru.edu.kz

**Бексұлтан Асқарұлы Рахым** - магистрант 2 курса кафедры «Учет, аудит и финансы», Казахский национальный аграрный исследовательский университет, г. Алматы, Республика Казахстан  
E-mail: 504654@kaznaru.edu.kz

**Rimma N. Zhangirova** - Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, Professor of the Department "Accounting, Audit and Finance", Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Republic of Kazakhstan  
E-mail: rimma.zhangirova@kaznaru.edu.kz

**Beksultan A. Rakhym** - 2nd year Master's Student of the Department "Accounting, Audit and Finance", Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Republic of Kazakhstan  
E-mail: 504654@kaznaru.edu.kz